

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 қарашадағы N 1226 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

"Республикалық баспасөзде және
"Президент пен Үкімет актілерінің
жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 4-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік мерекелер мен атаулы күндер туралы"

1998 жылғы 20 қаңтардағы N 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбындағы "кәсіптік мерекелер мен атаулы күндер" және 1-тармақтағы "кәсіптік мерекелер мен атаулы күндердің" деген сөздер тиісінше септеліп "кәсіптік және өзге де мерекелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік мерекелер мен атаулы күндердің тізбесі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы 15 қарашадағы
N 1226 Жарлығына
Қосымша
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 20 қаңтардағы
N 3827 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де
мерекелердің тізбесі
Отан қорғаушы күні - 7 мамыр
Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске - 31 мамыр
алу күні
Медицина қызметкері күні - маусымның
үшінші жексенбісі
Баспасөз, теледидар және радио күні - маусымның соңғы
жексенбісі
Металлург күні - шілденің үшінші
жексенбісі
Көлік және байланыс қызметкерлері күні - тамыздың бірінші
жексенбісі
Құрылысшы күні - тамыздың екінші
жексенбісі
Спорт күні - тамыздың үшінші
жексенбісі
Шахтер күні - тамыздың соңғы
жексенбісі
Білім күні - 1 қыркүйек
Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні - қыркүйектің
бірінші жексенбісі
Қазақстан Республикасының халықтары - қыркүйектің
тілдерінің күні үшінші жексенбісі
Мұғалім күні - қазанның бірінші
жексенбісі
Ұлттық валюта күні - 15 қараша
Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні - қарашаның
үшінші жексенбісі
Энергетик күні - желтоқсанның
үшінші жексенбісі